Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 41-42

КЕРНЕУІ 0,38 кВ ЭЛЕКТРЛІК ТОРАПТАРДАҒЫ ЭЛЕКТРЭНЕРГИЯ ШЫҒЫНЫН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

Алтаев Ж.С.

Кернеуі 0,38 кВ болатын электр желілер, электр торабынан тұтынушыға келетін соңғы буын болып табылады. Тұтынушыларды сапалы, сенімді және экономикалық жағынан тиімді электрэнергиясымен жабдықтау, осы 0,38 кВ электрлік тораптарға тікелей байланысты. Бұл тораптарда электрэнергия шығынын анықтау оңай шаруа емес, себебі олар мына маңыздылықтарға байланысты:

-Көп көлемді, бірақ дәлдігі аз ақпараттар легі;

-Электр желілердің ұзындығы мен шашыраңқылығы;

-Жүйелік және режимдік параметрлерінің айрықша белсенділігі;

-Учаскелердің әртүрлі орындалу шарттары;

-Қосалқы станция шиналарындағы кернеу деңгейінің әркелкілігі;

Электр торабындағы электрэнергия шығынын есептеу кезінде, сол жүйенің кернеу деңгейіне, схемалық параметрлріне максималды түрде көңіл бөлу қажет.

0,38 кВ электр тораптары үшін әр түрлі режимдер кезіндегі техникалық шығындары анықтау әдістемелері көрсетілген:

-0,38 кВ электр желілерінің жиынтық ұзындықтары бойынша ;

-трансформаторлы қосалқы станциядан алшақ орналасқан желі нүктелердегі кернеу шығыны бойынша;

-трансформаторлардың шиналарындағы кернеу деңгейі, бақылау-өлшеу кезіндегі тораптағы қуат шығыны, максимум жүктелу кезіндегі учаске басындағы фазалық токтар, 0,38 кВ тораптағы жүктемелер мен тұтынушылардың әркелкі болуына байланысты анықтау әдістемесі;

-ТҚС шиналарындағы кернеу өзгерісі, максималды жүктелу кезіндегі фазалық токтар, орнатылған қуат пен тұтынушылардың типтік жүктеме графигі бойынша, торапқа қосылған электрэнергия пайдаланушылары мен 0,38 кВ торапқа жіберілген жиынтық электр энергия мөлшері бойынша шығындарды есептеу әдістемесі.Сонымен, соңғы әдістеме электр энергия шығыны мен коммерциялық шығындарды есптеуде жақынырақ келеді. Сондықтан алдағы үш әдіс 0,4 кВ торабындағы электр энергия шығынын есептеуде бағалаушы рөл атқарады. Төртінші әдістеме бүгінгі күнде анағұрлым дәл және болашағы бар әдістеме болып табылады. Оған жүйелі түрде көшу қажет. Оны іс жүзіне жүзеге асыру үшін аудандық электр тораптардың, таратқыш және диспетчерлік мекемелері мен энергосбыт бөлімшелерінің бірлесіп жұмыс істеуі қажет.

Ғылыми жетекшісі Б.А.Байниязов